

ISSN (PRINT) 2959-5649

ISSN (ONLINE) 2959-5657

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы

Серия «Филологические науки»

Series "Philological Sciences"

№ 1 (91), 2025

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series "Philological Sciences"
№ 1 (91), 2025

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
№1 (91), 2025 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:

филол.г.д., проф. Абишева С.Д.

Бас редактордың орынбасары:

филол. г. д., проф. Есенова К.У.

Ғылыми редактор:

PhD, қауымд. проф. м.а. Сабирава Д.А.

Редакциялық алқа:

филол. г. к., қауымд. проф. Жиренов С.А.

филол. г. к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.

филол.г.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ

Джолдасбекова Б.У.

пед.г.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ

Салханова Ж.Х.

филол.г.д., проф., ҚазҰҚызПУ

Кыинова Ж.К.

PhD, қауымд. проф. м.а., Т. Жүргенов ат. Қазақ

ұлттық өнер академиясы

Жалалова А.М.

филол.г.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік
университеті

Алексеев П.В. (Ресей)

филол. г.д., проф., Ресей халықтар достығы

университеті Бахтикереева У.М. (Ресей)

филол.г.д., проф., Варминь-Мазур университеті

Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Джордж Вашингтон университеті

Роллберг П. (АҚШ)

PhD, проф., Орталық Ланкашир университеті

Табачникова О.М. (Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:

PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

Техникалық хатшы:

филол.г.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 28.03.2025 қол қойылды.
Пішімі 60x84¹/₈. Көлемі 19,00 е.б.т.
Тапсырыс 250.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT**

**ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS**

Жиренов С.А., Ержанқызы Ә. Қазақ тілінің
синонимдерін психолінгвистикалық әдіспен зерттеу
жолдары..... 5

Жиренов С.А., Ержанқызы Ә. Способы изучения
синонимов казахского языка методом
психолінгвистики

Zhirenov S., Yerzhankyzy A. Ways of studying
synonyms of the Kazakh language using the method of
psycholinguistics

Молдағалиева Р.Ш., Бигалиева А.С.
Метафорическая интерпретация звуков природы и
техники в русском, казахском и английском
языках..... 13

Молдағалиева Р.Ш., Бигалиева А.С. Орыс, қазақ
және ағылшын тілдеріндегі табиғат пен техниканың
дыбыстарын метафоралық интерпретациялау

Moldagalievya R., Bigaliyeva A. Metaphorical
interpretation of natural and technological sounds in
Russian, Kazakh, and English languages

Пашан Д.М. Қызбалаға қойылатын есімдер: заманауи
ұстанымдар..... 20

Пашан Д.М. Имена для девочек: современные
позиции

Pashan D. Names for girls: modern positions

**ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES**

Abisheva S., Abuova B. Berdibek Sokpakbayev's
creativity in the field of children's literature (1924-
1991)..... 30

Абишева С.Д., Абуова Б.П. Бердібек Сокпақбаевтың
балалар әдебиеті саласындағы шығармасы (1924-1991)

Абишева С.Д., Абуова Б.П. Творчество Бердибека
Сокпақбаева в области детской литературы (1924-
1991)

Мустояпова А.Т. Природа мистического в романе
Тони Моррисон «Возлюбленная»..... 36

Мустояпова А.Т. Тони Моррисонның «Сүйікті»
романындағы мистиканың табиғаты

Mustoyapova A. The nature of the mystical in Toni
Morrison's novel "Beloved"

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК
Серия «Филологические науки»
№1 (91), 2025 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. Есенова К.У.
Научный редактор
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби
Джолдасбекова Б.У.

д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби
Салханова Ж.Х.
д.филол.н., проф., КазНУ имени
Женісбаева Ж.К.

PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени
Т.Жургенова Жалалова А.М.
д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский
государственный университет

Алексеев П.В. (Россия)
д.филол.н., проф., РУДН
Бахтикереева У.М. (Россия)
д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский
университет Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Университет Джорджа
Вашингтона Роллберг П. (США)
PhD, проф., Университет Центрального
Ланкашира Табачникова О.М.
(Великобритания)

Ответственный секретарь:
PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2025

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 28.03.2025.
Формат 60x84^{1/8}. Объем 19,00 уч-издл.
Заказ 250.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Серикова Л.А. Переплетение идентичностей: «Свой – чужой – другой» в рассказах С.А. Муминова..... 48
Серикова Л.А. Тұлғалардың тоғысуы: «Өзіндік – бөтен – басқа» С.А. Муминовтың әңгімелерінде
Serikova L. The interweaving of Identities: "Friend – Foe – Other" in the Stories of S.A. Muminov

Sylam D., WenLiang Q. Unfinished projects: the transformation of urban literary writing paradigms in China since the new century..... 58

Сылам Д., Вэньлян Ц. Аяқталмаған жобалар: жаңа ғасырдан бергі Қытайдағы қалалық әдебиеттің жазу парадигмаларының трансформациясы

Сылам Д., Вэньлян Ц. Незавершенные проекты: трансформация парадигм городской литературной письменности в Китае с начала нового века

Умирханова Ш.А., Орынханова Г.А. Национальная идентичность и культурная память в рассказе Бахытжана Канапьянова «Бахчисарай»..... 70

Өмірханова Ш.Ә., Орынханова Г.А. Бақытжан Канапьяновтың «Бақшасарай» әңгімесіндегі ұлттық болмыс пен мәдени жады

Umirkhanova Sh., Orynkhanova G. National identity and cultural memory in Bakhytzhan Kanapyanov's story "Bakhchisaray"

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛІЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Жиндеева И.А. Практика использования лакунизации в системе сравнительно-сопоставительного изучения художественных произведений..... 78

Жиндеева И.А. Көркем шығармаларды салыстырмалы зерттеу жүйесінде лакунацияны қолдану тәжірибесі
Zhindeeva I. The practice of using lacunization in the system of comparative study of works of fiction

Ибраева Ж.Б., Курманчакова А.Э. Содержание и методика преподавания фольклора в школе: морфология волшебной сказки..... 91

Ибраева Ж.Б., Құрманчакова А.Е. Мектепте фольклорды оқытудың мазмұны мен әдістері: сиқырлы ертегінің морфологиясы

Ibrayeva Zh., Kurmanchakova A. Content and methodology of teaching folklore at school: morphology of a fairy tale

Молдағали М.Б., Асылбекова М.С., Проскурина Л.В. Звукоцветовой анализ стихотворений А.А. Блока о весне на уроках литературы в школе..... 100

**Abai Kazakh National
Pedagogical University**

BULLETIN
Series "Philological Sciences"
No. 1 (91), 2025.

Periodicity - 4 issues per year.
Published since 2000.

Editor-in-chief

Doctor of Philological Sciences, Professor **Abisheva S.**

Deputy Editor-in-chief

Doctor of Philological Sciences, Professor
Essenova K.

Scientific Editor

PhD, Associate Professor **Sabirova D.**

Editorial board

Candidate of Philological Sciences, Associate Prof.

Zhirenov S.

Candidate of Philological Sciences, Associate Prof.

Satemirova D.

*Doctor of Philological Sciences, Prof., Al-Farabi
Kazakh National University* **Dzholdasbekova B.**

*Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., Al-Farabi
Kazakh National University* **Salkhanova Zh.**

*Doctor of Philological Sciences, Prof.,
Kazakh National Women's Teacher Training
University* **Kiynova Zh.**

*PhD, Associate Prof., T. Zhurgenov Kazakh National
Academy of Arts* **Zhalalova A.**

Doctor of Philological Sciences, Prof., RUDN
Bakhtikireeva U. (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Associate Prof.,
Gorno-Altaysk State University*
Alekseyev P. (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Prof., University
of Warmia and Mazury* **Kiklewicz A.** (Poland)

*PhD, Prof., George Washington
University* **Rollberg P.** (USA)

PhD, Prof., University of Central Lancashire
Tabachnikova O. (The United Kingdom)

Executive Secretary

PhD, Associate professor **Serikova S.**

Technical Secretary

Candidate of Philological Sciences, Associate professor
Osmanova Z.

©Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2025

Registered
in the Ministry of Culture and Information of the
Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 28.03.2025
Format 60x84 1/8. Volume 19,00
teaching and publishing lists.
Order 250.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

**Молдағали М.Б., Асылбекова М.С., Проскурина
Л.В.** А.А. Блоктың көктем туралы өлеңдерін
дыбыстық-түсті талдау мектепте әдебиет сабағында
Moldagali M., Assylbekova M., Proskurina L. Sound and
color analysis of A.A. Blok's poems about spring in
literature lessons at school

Назарбекова Г.А. Изучение английского языка через
искусственный интеллект: новые горизонты обучения.. 111

Назарбекова Г.А. Жасанды интеллект арқылы
ағылшын тілін үйрену: оқытудың жаңа көзқарастары
Nazarbekova G. Learning English through artificial
intelligence: new horizons of learning

Оспанов Е., Иманғали Ө. Ағылшын тілінің басым тіл
ретінде қазақстандағы білім беруде басқа тілдерге әсері
қандай? 125

Оспанов Е., Иманғали О. Каково влияние
английского языка как доминирующего языка на
другие языки в системе образования Казахстана?
Ospanov Y., Imangali O. What is the impact of English as
a dominant language on other languages in Kazakhstan's
education system?

АУДАРМАТАНУ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ TRANSLATION STUDIES

Жаткин Д.Н., Сердечная В.В. И.М. Сабашников
(Юринский) – переводчик Эдвина Арнольда..... 135

Жаткин Д.Н., Сердечная В.В. И. М. Сабашников
(Юринский) – Эдвин Арнольдтың аудармашысы
Zhatkin D., Serdechechnaya V. I.M. Sabashnikov
(Yurinsky) – translator of Edwin Arnold

Біздің авторлар..... 147

Наши авторы..... 149

Our authors..... 151

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

GTAMP 16.21.21

10.51889/2959-5657.2025.91.1.001

*Жиренов С.А.¹ , Ержанқызы Ә.² 

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

*e-mail: Saken82@mail.ru

e-mail: erzhankyzy91@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СИНОНИМДЕРІН ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
ӘДІСПЕН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақала синонимдерді кешенді талдаудың құрамдас бөлігі – психоллингвистикалық тәсілдің тиімділігін дәлелдеуге арналған. Қазіргі қазақ тілінің сөз байлығын дамыту арқылы тілдің өміршендігін арттыру үрдісі қалыптасты. Тілдің сөз байлығының басты көрсеткіші – синонимдер деп танысақ, оның дамуындағы өзгерістерді айқындау арқылы тілдің даму динамикасын да анықтауға болады деген сөз. Сондықтан синонимдік қатардың кеңею немесе тарылу үдерісін кешенді зерттеу аса маңызды. Мақалада қазіргі қазақ тілінің синонимдер сөздігін кешенді толықтыру қажеттілігі және оны шешу жолдары ұсынылды. Тіліміздегі синонимдер қатары лексикалық қабатты толық қамтымаған, лексикалық синонимдермен шектелген. Авторлық окказионалды қолданыстар, тұрақты тіркестер, тұрақты теңеулер, бейнелі сөздер мен перифразалар синонимдік қатарға енбеген. Ендеше мағыналас бейнелі қолданыстар адамның ассоциациялық және стереотиптік танымынан туындайтын қарабайыр және ойбейнелерінің тілдегі көрініс болғандықтан синонимдік қатардан орын алуы тиіс. Синонимдес бірліктер қатары көп болған сайын, тілдің құндылығы артатынын мағыналас сөздерге психоллингвистикалық тәсілдер арқылы талдау жасау негізінде дәлелденді. Осының негізінде мақаланың мақсаты – синонимдерді психоллингвистикалық әдіспен зерттеуге болатынын дәйектеу. Мақалада ассоциативтік талдау тәсілі, орын ауыстыру тәсілі, интуитивтілік тәсілі, стереотиптік таным тәсілдерінің тиімділігі дәлелденді.

Түйін сөздер: синоним, лингвистика, синонимдік қатар, бейнелі сөздер, семантика, психоллингвистика

*Жиренов С.А.¹ , Ержанқызы А.² 

^{1,2}Казакский национальный педагогический университет им. Абая

Алматы, Казахстан

*e-mail: Saken82@mail.ru

e-mail: erzhankyzy91@gmail.com

СПОСОБЫ ИЗУЧЕНИЯ СИНОНИМОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА
МЕТОДОМ ПСИХОЛИНГВИСТИКИ

Аннотация

Целью статьи является доказательство эффективности психоллингвистического подхода, который является составной частью комплексного анализа синонимов. За счет развития словарного запаса современного казахского языка сформировалась тенденция повышения жизнеспособности языка. Основным показателем словарного запаса языка являются синонимы,

а это значит, что динамику развития языка можно определить, выявляя изменения в его развитии. Поэтому, комплексное исследование процесса расширения или сокращения синонимического ряда очень важно. В статье предложена необходимость комплексного дополнения словаря синонимов современного казахского языка и пути ее решения. Спектр синонимов в нашем языке не охватывает полностью лексический пласт, он ограничивается лексическими синонимами. В состав синонимии не включаются авторские окказиональные словоупотребления, регулярные словосочетания, регулярные сравнения, образные слова и парафразы. Поэтому среди синонимов должны иметь место образные обороты со смысловым значением, поскольку они являются выражением в языке примитивных и стереотипных человеческих мыслей. На основе психолингвистического анализа слов-синонимов доказано, что увеличивается количество синонимических единиц, возрастает ценность языка. Исходя из этого, цель статьи – продемонстрировать, что синонимы можно изучать психолингвистическим методом. В статье доказывается эффективность метода ассоциативного анализа, метода смещения, метода интуиции и стереотипных методов познания.

Ключевые слова: синоним, лингвистика, синонимический ряд, образные слова, семантика, психолингвистика

*Zhirenov S.A.¹ , Yerzhankyzy A.² 
^{1,2} Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan
*e-mail: Saken82@mail.ru
e-mail: erzhankyzy91@gmail.com

WAYS OF STUDYING SYNONYMS OF THE KAZAKH LANGUAGE USING THE METHOD OF PSYCHOLINGUISTICS

Abstract

The purpose of the article is to prove the effectiveness of the psycholinguistic approach, which is an integral part of a comprehensive analysis of synonyms. Due to the development of the vocabulary of the modern Kazakh language, a tendency has been formed to increase the vitality of the language. The main indicator of the vocabulary of a language is synonyms, which means that the dynamics of language development can be determined by identifying changes in its development. Therefore, a comprehensive study of the process of expansion or contraction of the synonymous series is very important. The article proposes the need for a comprehensive addition to the dictionary of synonyms of the modern Kazakh language and ways to solve it. The range of synonyms in our language does not completely cover the lexical layer; it is limited to lexical synonyms. Synonymy does not include the author's occasional word usage, regular phrases, regular comparisons, figurative words and paraphrases. Therefore, among synonyms there should be figurative phrases with semantic meaning, since they are an expression in the language of primitive and stereotypical human thoughts. Based on the psycholinguistic analysis of synonymous words, it has been proven that the number of synonymous units increases and the value of language increases. Based on this, the purpose of the article is to demonstrate that synonyms can be studied using the psycholinguistic method. The article proves the effectiveness of the method of associative analysis, the displacement method, the method of intuition and stereotypical methods of cognition.

Keywords: synonym, linguistics, synonymic series, figurative words, semantics, psycholinguistics

Кіріспе. Тіл білімінің антропоэктік бағытта зерттелуі әсіресе сөз мағынасын анықтауда маңызы жоғары. Сөз мағынасының өзгерісін айқындайтын категориялардың бірі – синонимдер. Адам сөз жасаумен қатар, сөз мағынасын толықтырушы да саналады. Ендеше санада қалыптасқан ұғымға атау беріп, оны түрлі мағынада қолданысқа енгізетін адамның сөз жасау

үдерісінде танымы, көңіл-күйі, бағалауы, сипаттауы, т.б. жан дүниесі ұғымды барынша дәл танытудың тетігі болады. Тілдің бойындағы адамтанымдық әрекеттерді синонимдік қатардың кеңею және тарылу үдерісінен байқалады. Синонимдер – адамзаттың белгілі бір зат не құбылысқа бағалау және сипаттау әрекетінен туған санадағы ойдың тілдік көрінісі. Сондықтан синонимдерді бағалауыш, сипаттауыш мағыналарға ажыратып зерттеу тиімді тәсіл саналады. Ол үшін адамтанымдық лингвистика аясына енетін психолингвистика әдістері негізге ала отырып, тілдегі синонимдердің табиғатын жаңаша тануға болады.

Синонимия мәселесі құрылымдық лингвистиканың негізгі категорияларының бірі болғанымен, оның даулы мәселелері көп екенін жасыруға болмайды. Синонимия құбылысы мағына ажыратушы қызметімен ерекшеледі. Ал мағына – ой мен танымның тілдегі көрінісі. Сондықтан тіл білімінде мағынаға қатысты мәселелер құрылымдық лингвистика шеңберіндегі тұрақты формулаларға бағына бермейді. Адам танымы кеңейген сайын тіл мағынасындағы динамикалық өзгеріс те оны түрлендіруге әкеледі. Сондықтан синонимия құбылысындағы басы ашылмаған мәселелерді антропоцентристік парадигмада қарастыру тиімді болады.

Құрылымдық-жүйелік лингвистика синонимияны ментальды-лингвистикалық категория ретінде қарастырмағандықтан, тек қана тілдік құбылыс ретінде, синонимдерді қатып қалған жүйе ретінде зерттейтіндіктен, синонимияның табиғатын ашатын, әсіресе олардың сөйлеудегі табиғи қызметіне дәл анықтама тұжырымдалмады. Танымның ақиқат теориясы зат не құбылыстың шынайы мәнін анықтау үшін әлемдегі ақиқат дүниелермен байланыстыруға ұмтылады, ақиқаттың мәнін дәл анықтау заттың концептуалдануы және категориялануын қажет етеді.

Синонимдерді психолингвистикалық аспектіде зерттеу оның тілдік сипаттамаларымен анықталатын өте күрделі мәселелерін шешуде аса маңызды саналады. Мысалы: синонимдердің көп мағыналылығын, референциясының белгілі немесе белгісіз болуын, институционалды дискурста жүзеге асырылатын синонимдік қатынастар жүйесін, сонымен қатар тілден тыс факторлар: контекст пен жағдаяттағы синонимдердің мағыналық тепе-теңдігін, коммуникаторлардың өзара байланыстары кезіндегі, сөйлеушінің аялық білімі (фоновое знание), коммуникативті мақсаттары мен ниеттері (оның стратегиясы мен тактикасы) бойынша синонимдердің сәйкестігін, оларды бір тілден екінші тілге аударудағы қиындықтарды анықтауда синонимдердің семантикалық өзгерісіне психолингвистикалық тұрғыдан талдау қажеттілігі туындайды.

Әдістер мен материалдар. Синонимдерді психолингвистикалық әдіс бойынша зерттеу үшін «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» (2005) мен «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» (2016) негізгі дереккөз ретінде пайдаланылады. Зерттеудің негізгі әдісі – психолингвистикалық әдіс, ассоциациялық әдіс, жиілік анықтау әдісі (статистикалық әдіс) болды. Психолингвистикалық зерттеу барысында дәстүрлі компоненттік талдау әдісі сөздердің семантикалық ұқсастығын толық анықтауға жеткіліксіз екендігін көрсетті. Себебі қазіргі қазақ тілінің сөзқолданысында ана тілінде сөйлейтін тіл иелмендері сөз мағынасын ауыстыруда интуитивті танымға сүйенеді. Мәнмәтінде авторлық қолданыстағы мағыналас сөздер қатары көбеюде. Бұл – тілдік қолданыстағы субъективтіліктің басым екенін аңғартады. Е.В.Глазунова мен А.С.Стерннің пікірінше, субъективтіліктен аулақ болу сөздердің жақындығының барабар өлшемін анықтай алатын психолингвистикалық әдістерді қолдану тиімді саналады [1, 27]. Ю.Сазонованың пікірінше: «Синонимдік қатардағы сөздердің жиілігі мағыналық қолданыста айқындалады» [2, 46]. Е.Глазанованың зерттеуі бойынша: «Сөздердің мағыналық жақындығын бір жүйедегі тұтастай мағыналық ұқсастық деуге келмейді» [3, 20]. Осындай психолингвистикалық зерттеулерді сараптай келгенде, синонимдік қатарды құратын мағыналас сөздерді анықтауда ассоциациялық түсінік те, бағалауыштық таным да, сөздердің жиілігі де қатаң ескерілуі қажеттігін көрсетеді. Бұл тәсілдердің барлығы – психолингвистикалық зерттеу аспектісінде анықталатын әрекеттер.

Психолингвистикалық тұрғыдан А.А.Залевская [4] мен С.В.Лебедеваның [5] еңбектерінде синонимияны адамтанымдық аспектіде зерттеу маңыздылығы туралы кеңінен қарастырылады. Бұл зерттеуде ана тілінде сөйлейтіндер үшін дәстүрлі түрде синоним болып саналмайтын сөздер

мағынасы жағынан жақын екендігі көрсетілген. Сөз мағынасы көп болған сайын, яғни бір сөздің көпмағыналылық қатары кеңейген сайын, синонимдес сөздер қатарын да ұлғайтады. Бір сөздің әртүрлі мәнмәтінде қолданысына қарай мағыналық реңкін ажырата беру мағыналар қатарын көбейтеді. Жаңа семантикалық байланыстарды қалыптастыруға ынталану – бұл салыстыру актісі болып табылады. Ғалымдардың пайымдауынша, синонимдердің типтері былайша ажыратылады: біріншісі – дәстүрлі синонимдік қатар – абсолютті синонимдер және екіншісі – тіл иелмендерінің сөздің семантикалық жақындығын сезініп қолданудан туындаған мағыналас қатарлар. Екінші типі психолингвистикалық қағида бойынша қалыптасқан сөздікке ілініп үлгермеген синонимдер қатары. Қазақ тіл білімінде синонимдерді қарастырған ғалым Ә.Болғанбаевтың зерттеуінде де синонимдік қатардың қалыптасуы адамтанымдық қағидаға негізделетіні айтылады [6, 477]. Сондай-ақ ғалым Б.Әбілқасымов ұғымдық жақындығы бар тұрақты тіркестерді синонимдік фразеологизмдер деп атайды [7, 88]. Тіліміздегі синонимдерді антропоцентристік тұрғыдан шолу жасаған ғалымдардың бірі Л.Бегалиева: «Қарындас деген сындық мағыналы (бір қарында жатқан) сөз заттық ұғымға ауысып, семантикалық тәсіл арқылы транспозицияланады. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарындас, сіңлі сөздерінің мағынасын тарылған деп есептейміз. Мағынаның тарылуы да мағыналық даму деп аталады. Қанша уақыт өтсе де қарындас, сіңлі сөздерінің когнитивтілігі өз мәнін жойған жоқ. Мағыналық өзгеруге түскенімен, уәжділік сипаттарының бір қыры, антропоцентристік танымның бір ізі, табы қалғандығы көрініп тұр» [8, 181]. Б.Сағындықұлы, Ж.Аманжанованың зерттеулерінде синонимдердің семантикалық және қолданыстық реңктерін ажырату аса маңызды екенін айтылады да зауық/тәбет синонимдері әрқашан мағыналас емес екенін дәлелдейді [9, 87]. Сондай-ақ синонимдердің қатарын кеңейтетін тетік – мағына алмастырушылық қасиеті екенін профессор Ф.Оразбаева да дәлелдеген болатын: «Синонимдер мағыналары жақын сөздер, дегенмен, мағыналас тепе-тең болуы шарт деген түсінік тұмауы керек. Мағынасы ұқса сөздердің контексте бірін-бірі алмастыра алу қабілеті – көмекші белгісі» [10, 25].

Байқағанымыздай, қазақ тіл білімінде синонимдердің зерттелуі адамның дискурс барысында сөздерді мағына қолданысына қарай пайдаланады. Сол арқылы синонимдік бірліктер кеңейіп әрі жүйеленіп, мәтіндегі қолданыстағы мағыналарының ара жігін ажыратуға елеулі септігін тигізетіндігі байқалады. Бұл зерттеулер адамтанымдық немесе психолингвистикалық бағыттағы әдістер деп аталмағанымен, адамның қабылдауы, сезінуі, қалауы/қаламауы, санада және көңілге қону/қонбауы арқылы анықталады.

Нәтижелер және талқылау. 2016 жылғы «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» бойынша тілімізде шамамен 3600-ден аса синонимдік қатар бар. Бұл қатар жылдан жылға қосылу үстінде. Сондай-ақ синонимдік қатар реестрі де кеңейе түсуде. Демек, тіліміздің даму қарқыны жоғары. Әдетте көпмағыналылық мағынаны көбейтетін болса, синонимдер атауды көбейтеді де, әсерлі, бейнелі, толымды, түсіндірмді сөйлеуге ықпал етеді. Демек, тіліміздегі синонимдер – әрі сөздік қорды да, әрі мағына қорын да дамытушы категория.

Синонимдік қатардағы мағыналардың көбейіне ең алдымен адамзаттың ассоциативті танудан туындаған қолданысы ықпал етеді. Сөз еркіндігінің салдарынан жағымды/жағымсыз бағалаудан адамдардың танымында ассоциациялық танымды бүкпесіз айту үрдісі қалыптасты. Ойды әсірелеп жеткізудің негізінде бейнелі-ассоциативті сөзқолданыстар пайда болады. Мысалы: *Балалар үйіндегі жәутеңкөздер ештеңеге мұқтаж емес пе? Медициналық қызмет, білім беру ісі дұрыс жолға қойылды ма?* Деген сөйлемдердегі «**жәутеңкөздер**» жеке лексема күйінде әртүрлі мағына беруі мүмкін: 1. Мүмкіндігі шектеулі жан; 2. Қараусыз қалған қарт; 3. Жетім. Бірақ сөйлемде «балалар үйіндегі» сөзімен тіркесуі арқылы жетім мағынасында қолданылғанын нақтыланады. Демек, жетім ұғымының контекстегі мағыналасы – жәутеңкөз деген қорытынды жасауға болады. Qazkorpus.kz сайтында [11], яғни Қазақ тілінің ұлттық корпусында жәутеңкөз (жетім мағынасында) – 5 рет қолданылған. Ал goole.kz деректері бойынша жәутеңкөз жиілігі – 223 рет қолданысты көрсетіп тұр. Ал «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» [12, 261] жәутеңкөз кездеспейді: жетім синонимдер қатары – жетімек, панасыз, ата-

анасыз деген мағыналармен шектелген. Жетім мағынасын дәлме-дәл ассоциациялайтын – жәутеңкөз осы синонимдер қатарынан орын алуы тиіс деп санауға болады. Себебі бұл – қазақ халқының ассоциациялық танымынан туындаған жалпыхалықтық қолданысқа еніп бара жатқан сөзқолданыс. қазақ әдеби тілінің сөздігінде 15 томдығында жәутеңкөз – жаутаңкөзге сілтенген [13]. Жаутаңкөз – жадырай, мөлдірей қарайтын мағынада деп анықталған. Демек, қазақ әдеби тілінің сөздігіне жәутеңкөздің екінші мағынасы – жетім мағынасын да түсіндіріп, мысалдармен дәйектеп беру болашақтың ісі екендігін көрсетеді.

Сондай-ақ қазіргі синонимдер сөздігіне енген *ойынхана – құмархана – құмаройынхана – казино* тізбегіндегі әрбір мағыналас сөздер де адамның танымдық санасынан, ассоциациялану үрдісінен туындаған. Қазақ тілінің ұлттық корпусында құмархана – 8 рет, ойынхана – 2 рет сөзқолданыста болғаны тіркелген. Ал [google.kz](https://www.google.kz) жиілігі бойынша құмархана – 82800 рет, ойынхана – 157000 рет қолданыс тапқан. Казино атауын қазақ тіліне аудару барысында қазақтың ассоциациясы бойынша құмар ойындарға әуестік, құмарлық (азарт) бірінші мағынасы болғаны дәйектеледі. Себебі «құмар ойын» тіркесі де, «құмаройын» біріккен формасы да қолданыс жиілігі бойынша (1 млн сөзқолданыс) басымдыққа ие болып тұр. Ендеше «құмаройынхана – құмархана – ойынхана – казино» синонимдік қатары осы реттілікпен сөздіктерге енуі тиіс саналады. Себебі синонимдер қатарын түзуде ассоциациялық таным жиілігі және жиілік басымдығы бірінші ескеріледі.

Синонимдерді психолингвистикалық әдіспен зерттеудің тағы бір жолы – мағыналас сөздердің орын алмастыру қызметінің тоқтауын анықтау. Мысалы, қазақ тілінің синонимдер сөздігіндегі «ЖАНҰЯ – отбасы – үйелмен – түтін – шаңырақ – үй іші» синонимдік қатарының реттілігі өзгерді. Қазір жанұя сөзі белсенділігі төмен саналады. «Отбасы» – бірінші қатарға шықты және жиілігі ұлғайды. Қалған мағыналарын орын алмастыруға қолдану үдерісі де тоқтады. Оған басты себеп – адамның негізгі тұтынуындағы ұғымдардың атауына берілуі. Мысалы: оқулықтағы «Отбасы құндылықтары» тақырыбы, «Отбасы» ипотекалық бағдарламасы, «Отбасы» спартакиадаларының атауы синонимдік қатардың көшін бастап тұрған ЖАНҰЯ сөзін ығыстырды, тіпті қолданыстан алшақтап та қалғандығын байқауға болады. Бұл да – адам психологиясына ықпал етудің бір жолдары. Демек, қазақ тілінің синонимдер сөздігіндегі қатар «ОТБАСЫ – жанұя – үйелмен – түтін – үй іші» деп өзгертуді қажет етеді. Себебі мағыналас сөзді іздеуші оқырман отбасының мағыналарын оңай табуы тиіс.

Синонимдерді психолингвистикалық әдіспен зерттеудің тағы бір жолы – атаужасамдағы интуитивтілік (түйсік таным). Мәселен, «командировка» терминіне қазақша балама атау беруде іссапар мен жолсапар лексемалары жарыспалы түрде қолданылды. Бірақ екі атау да қазақ танымындағы интуициядан туындады. Бірқатарларының танымында іске қатысты сапар болса, екіншілерінің түйсігінде жолға шығу, жол бұру басым критерий болды. *Іссапар* – еңбек құқығында жұмыс берушінің өкімімен қызметкердің тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде қызмет бабындағы тапсырманы орындау үшін белгілі бір мерзімге барып қайтуы (<https://kk.wikipedia.org/>). *Жолсапар* очерктері – журналистің белгілі бір аймаққа немесе елге сапары жайлы жазбалары (<https://kk.wikipedia.org/>). Ресми құжаттарда теңмағыналас ұғымдар ретінде танылады. [Qazqorpus.kz](https://www.qazqorpus.kz) сайтындағы Қазақ тілінің ұлттық корпусында жолсапар – 43 рет, іссапар – 487 реттік көрсеткішті береді. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінде жолсапар – 7 рет; іссапар – 137 рет деп тіркелген [14, 718]. Ал 15 томдық қазақ әдеби тілінің сөздігінде іссапар анықтамасына ресми белгіленімі берілген. *ІССАПАР ресми. Кәсіпорын, ұйым, мекеме, фирма қызметкерінің қызмет бабындағы тапсырманы тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде орындау үшін басшының өкімімен шығатын сапары.* Іссапар – терминдік атау. Ал «*ЖОЛСАПАР – қызмет, жұмыс бабымен тапсырылған істі орындау үшін басқа бір жерге бару бабындағы іссапар*» деген анықтамамен түсіндірілген. Демек, іссапар мен жолсапар теңмағыналас синонимдер. Қазіргі таңда ресми қолданыстағы іссапар синонимдік қатардың біріншісі болып рәсімделеді. Синонимдік сөздікке тіркелмеген, болашақта енгізілуі тиіс синонимдік бірліктер ретінде саналады.

